

«Қазына» орнықты даму қоры»
АҚ Басқармасының
2006 жылғы 19 қазандағы
№ 5 шешімімен
бекітілген

**«Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының
кредиттік саясаты туралы
меморандум**

*(«Қазына» орнықты даму қоры» АҚ Басқармасының 2007 жылғы 3 мамырдағы (№ 21 хаттама),
2007 жылғы 26 желтоқсандағы (№ 76 хаттама), 2008 жылғы 14 наурыздағы (№ 15 хаттама)
шешімдерімен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен)*

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының кредит саясаты туралы меморандум (бұдан әрі - Меморандум) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Банк) кредиттік саясатының және лизингтік қызметті жүзеге асыру кезінде саясатының негізгі қағидаттары мен басымдықтарын анықтайды, инвестициялық басымдықтарды, қарыз қаражатын тартуға сандық шектеулерді, кредит беру және лизингті жүргізу, жеке капиталды орналастыру, бірлесіп қаржыландыру, кепілдіктер, кепілдемелер мен ақшалай нысанда орындауды көздейтін өзге де міндеттемелерді (бұдан әрі - кепілдіктер) беруді бағыттарын, мүмкін шарттарын, тәртібі мен мерзімін, агент функцияларының орындалуын белгілейді.

Меморандумның тұжырымдамалық және белгілеу сипатына ие және Даму Банкінің ішкі кредит саясатын, қарыз алу саясатын анықтауға, активтер мен пассивтерді басқаруға және Даму Банкінің ішкі құжаттарымен белгіленетін қаржы тәуекелдерін басқаруға негіз болып табылады.

2. Кредит беру және лизингтік қызмет

2-тараудың 3, 4, 6-тармақтарына жалғыз акционердің 2008 жылғы 14 наурыздағы шешіміне сәйкес (№ 15 хаттама) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді

3. Инвестициялық басымдықтар

Қазақстанның даму стратегиясы, кредит беруге арналған мемлекеттік және салалық бағдарламалардың шеңберінде инвестициялық жобаларды іріктеу кезінде Даму Банкінің инвестициялық басымдықтары Қазақстанда бәсекеге

қабілетті, оның ішінде қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, қызметтер мен капиталдың экспортына ықпал ететін бәсекеге қабілетті өндірістер мен инфрақұрылымды дамыту және құру болып табылады.

Даму Банкінің инвестициялық қызметінің негізгі бағыттары мыналарды:

1) инфрақұрылым объектілерін (энергетикалық, көліктік, телекоммуникациялық, туристік);

2) инвестициялық жоба шеңберінде шикізатты өндіру және/немесе сатып алуды, тасымалдауды, оны өндеуді және дайын өнімді сатуды қоса алғанда өнеркәсіптік өндірістерді;

3) инвестициялық жоба шеңберінде шикізатты өндіру және/немесе сатып алуды, тасымалдауды, оны өндеуді және дайын өнімді сатуды қоса алғанда ауыл шаруашылығы өндірістерін;

4) қызмет көрсетулер саласындағы (коммерциялық негізде) туристік, экологиялық, медициналық, оқу, спорт-сауықтыру және қонақ үй объектілерін құру мен дамытуға бағытталған жобалар болып табылады.

Даму Банкінің шетелдегі инвестициялық қызметінің негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының инфрақұрылымының, транзиттік әлеуетінің, қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, қызметтер мен капиталдың дамуына ықпал ететін жобалар болып табылады.

4. Қаржыландыру түрлері

Өзінің қызметінде Даму Банкі мынадай қаржыландыру түрлерін пайдаланады:

орта мерзімді және ұзақ мерзімді кредит беру, оның ішінде инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру және қайта қаржыландыру;

бірлесіп қаржыландыруды қоса алғанда қазақстандық өнімді беруші резидентке де, қазақстандық өнімді сатып алушы бейрезидентке де қарыздар беру жолымен экспорттық операцияларға кредит беру;

инвестициялық жобаларды жобалық қаржыландыру;

жарғылық капиталдарында Даму Банкі қатысатын лизинг беруші ұйымдарға (лизинг беруші ұйымдар) кредит беру;

қаржылық лизинг.

5. Инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды іріктеудің негізгі өлшемдері

Мыналар Даму Банкінің инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды іріктеу кезінде негізгі өлшемдер болып табылады:

инвестициялық жобалардың осы Меморандумда анықталған басымдықтарға сәйкес келуі;

рентабельдік пен өтімділік;

жобаны іске асыру нәтижесінде құрылатын өнімді сату мүмкіндігі және шикізат базасының жетімділігі;

жобалау шешімдерінің және қаржылық лизинг мәнін сатып алудың технологиялық және техникалық негізділігі;

экологиялық талаптарды сақтау;

институционалдық пысықтау, білікті менеджменттің болуы;
берілетін кредиттік құралдың және/немесе лизингтік мәміленің тәуекелдерін жабуды қамтамасыз етудің болуы;

қарыз алушыға қойылатын талаптардың орындалуы (кредиттік қабілеттілігі, төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылығы және т.б.).

6. Кредит беруді шектеу

Даму Банкінің кредит беруі «Қазақстанның Даму Банкі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңының (бұдан әрі - Заң) 15-бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып жүргізіледі.

Даму Банкіне:

- қару-жарак шығаруды;
- алкоголь өнімінің өндірісін;
- есірткілерді, есірткі құралдары мен психотропты заттардың өндірісін;
- темекі бұйымдарының өндірісін;
- тұрғын үй құрылысын;
- мемлекеттік оқу және медициналық мекемелердің, қоғамдық-сауықтыру кешендерінің құрылысын;
- геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыруға тыйым салынады.

7. Сыйақы ставкалары мен тарифтер

Даму Банкі беретін қарыздар мен қаржы лизингі бойынша сыйақы ставкасы қарыз алудың және Даму Банкінің операциялық шығыстарының орташа құнын ескере отырып есептеледі.

Даму Банкінің қарыз алуының орташа құнын, сыйақы ставкасының шекті (ең жоғары және ең төмен), тарифтері мен комиссияларын Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен Даму Банкінің активтері мен пассивтерін басқару жөніндегі комитет белгілейді.

5 млн. АҚШ долларынан асатын сомаға инвестициялық жобалар, экспорттық операциялар және лизинг беруші ұйымдарға берілетін қарыздар бойынша сыйақы ставкасының мөлшері туралы шешімді Даму Банкінің Кредит комитетінің шешімін ескере отырып Директорлар кеңесі қабылдайды.

8. Инвестициялық жобаларға кредит беру

1) кредит беру мерзімі және валютасы

Инвестициялық жобаларға кредит беру кезінде қарыздарды берудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

орта мерзімді инвестициялық қарыздар (5-тен 10 жылға дейін);

ұзақ мерзімді инвестициялық қарыздар (10-нан 20 жылға дейін).

Инвестициялық жобаларға кредит беру инвестициялық жобалардың шарттарына сәйкес ұлттық және шетел валютасында жүзеге асырылады.

2) Кредит беру көздері

Инвестициялық жобаларға кредит беру үшін мемлекеттік бюджеттің қарыздарын, сондай-ақ мемлекеттің кепілдіктерімен Даму Банкі тартқан қарыздар пайдаланылады.

3) Қаржыландырудың ең аз сомасы

Инвестициялық жоба бойынша Даму Банкі беретін қарыздың ең аз сомасы 5 млн. АҚШ долларына барабар мөлшерде белгіленеді.

Кредит беру, қаржылық лизинг және/немесе кепілдіктер беру шарттарында Даму Банкімен және еншілес лизинг беруші ұйыммен бірлесіп берілетін инвестициялық жобаны қаржыландырудың ең аз сомасы 5 млн. АҚШ долларына барабар мөлшерде белгіленеді.

Кредит беру, қаржылық лизинг және/немесе кепілдіктер беру шарттарында Даму Банкімен және еншілес лизинг беруші ұйыммен бірлесіп инвестициялық жобаны қаржыландырған жағдайда осы тармақшаның бірінші бөлігінің талабы Даму Банкіне қолданылмайды.

4) Шешім қабылдау тәртібі

Банктік сараптама нәтижелері бойынша оң қорытынды алған инвестициялық жобаға кредит беру мәселесі Даму Банкінің Кредит комитетінің қарауына шығарылады. Даму Банкінің Кредит комитеті оң шешім қабылдаған кезде инвестициялық жобаға кредит беру мәселесі Даму Банкінің Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады, ол жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылдайды.

9. Экспорттық операцияларға кредит беру

1) кредит беру мерзімі мен валютасы

Экспорттық операцияларға кредит беру кезінде мерзімі экспорттық операция шарттарына қарай анықталады.

Экспорттық операцияларға кредит беру экспорттық операцияның шарттарына сәйкес ұлттық және шетел валютасында жүзеге асырылады.

2) Кредит беру көздері

Экспорттық операцияларға кредит беру үшін мыналар пайдаланылады: мемлекеттік бюджеттің қарыздарын қоспағанда қарыз қаражаты; мөлшерінің 20%-ынан аспайтын көлемде Даму Банкінің жарғылық капиталының қаражаты.

3) Кредит берудің ең аз сомасы

Экспорттық операция бойынша Даму Банкі беретін қарыздың ең аз сомасы 1 млн. АҚШ долларына барабар мөлшерде белгіленеді.

Даму Банкінің кредит портфелінде экспорттық операцияларға кредит беру үлесін Директорлар кеңесі анықтайды.

4) Шешім қабылдау тәртібі

Банктік сараптама нәтижелері бойынша оң қорытынды алған экспорттық операцияға кредит беру туралы мәселе Даму Банкінің Кредит комитетінің қарауына шығарылады.

5 млн. АҚШ долларына барабар сомадан аспайтын мөлшерде экспорттық операцияға кредит беру жөніндегі шешімді Даму Банкінің Кредит комитеті қабылдайды.

5 млн. АҚШ долларына барабар сомадан асатын мөлшерде экспорттық операцияға кредит беру кезінде Даму Банкінің Кредит комитеті оң шешім қабылдаған кезде экспорттық операция Директорлар кеңесінің қарауына

шығарылады, ол экспорттық операцияны қаржыландыру туралы шешім қабылдайды.

10. Лизингтік мәмілелерді жүзеге асыру

1) Лизингтік мәмілелердің мерзімі мен валютасы

Лизингтік мәмілелерді жасау кезінде мынадай мерзімдер белгіленеді:

орта мерзімді (3 жылдан 10 жылға дейін)

ұзақ мерзімді (10 жылдан 20 жылға дейін).

Лизингтік мәмілелер ұлттық валютада және шетел валютасында жүзеге асырылады.

2) Қаржыландыру көздері

Лизингтік мәмілелерді жүргізу үшін мемлекеттік бюджеттен берілетін қарыздарды қоса алғанда қарыз қаражаты пайдаланылады.

3) Лизингтік мәміленің ең аз сомасы

Даму Банкі жүзеге асыратын лизингтік мәміленің ең аз сомасы Даму Банкі жарғылық капиталында (барлық акциялары) жүз пайыз қатысу үлесіне ие лизинг беруші ұйымдардың лизингтік мәмілелерді жүргізу лимитінен асатын мөлшерде белгіленеді.

4) Шешім қабылдау тәртібі

Құрылымдық бөлімшелердің банктік сараптамасы бойынша оң қорытынды алған лизингтік мәмілені жүзеге асыру мәселесі Кредит комитетінің қарауына шығарылады. Кредит комитеті лизингтік мәмілені жүзеге асыру туралы оң шешім (мақұлдау) қабылдаған кезде мәселе Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады, ол лизингтік мәміле жүргізу туралы шешім қабылдайды.

11. Лизинг беруші ұйымдарға кредит беру

1) Кредит беру мерзімі мен валютасы

Лизинг беруші ұйымдарға кредит беру кезінде мерзімі Даму Банкі мен лизинг беруші ұйымдар арасындағы қарыз туралы шарттардың (келісімдердің) талаптарымен анықталады.

Лизинг беруші ұйымдарға кредит беру ұлттық және шетел валютасында жүзеге асырылады.

2) Кредит беру көздері

Лизинг беруші ұйымдарға кредит беру үшін мемлекеттік бюджеттің қарыздарын қоса алғанда қарыз қаражаты пайдаланылады.

3) Кредит беру сомасы

Даму Банкі лизинг беруші ұйымға беретін қарыздың сомасы Даму Банкі мен лизинг беруші ұйым арасындағы қарыз туралы шарттың (келісімнің) талаптарымен белгіленеді.

4) Шешім қабылдау тәртібі

Лизинг беруші ұйымға кредит беру мәселесі Даму Банкінің Кредит комитетінің қарауына шығарылады. Даму Банкінің Кредит комитеті оң шешім қабылдаған кезде кредит беру мәселесі Даму Банкінің Директорлар кеңесінің

қарауына шығарылады, ол лизинг беруші ұйымға кредит беру туралы шешім қабылдайды.

12. Кредит портфелінің мониторингі және бақылау

Кредит портфелінің мониторингін және бақылауды Даму Банкі үздіксіз жүзеге асырады және қарыз алушының, лизинг алушының кредит қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігін байқау және талдау, қарызды нысаналы пайдалану процесін, лизинг мәнін, банктік қарыз шартының, қаржы лизингі шартының бүкіл әрекет ету кезеңінде инвестициялық жоба мен экспорттық операцияны іске асыру процесін қамтиды.

Мониторинг және бақылау нәтижелеріне сәйкес Даму Банкі Заңның 17-бабына сәйкес ай сайын кредит портфелін сыныптауды және және провизияларды (резервтерді) қалыптастыруды жүргізеді.

13. Кепілдіктер беру

1) Даму Банкінің кепілдіктер беруін шектеу

Даму Банкі Заңның 15-бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып кепілдіктер береді.

Қаржыландыру мақсатында Даму Банкі кепілдіктер беретін инвестициялық жобалар осы Меморандумда белгіленген инвестициялық басымдықтарға сәйкес келуі тиіс.

2) Мерзімі және валюта

Қаржыландыру мақсатында Даму Банкі кепілдіктер беретін инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға кредит беру мерзімі Даму Банкінің инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға кредит беруі үшін осы Меморандумда белгіленген мерзімге сәйкес келуі тиіс.

Даму Банкінің лизинг беруші ұйымдар үшін кепілдіктер беру мерзімі лизинг беруші ұйымдар тартатын қарыздардың шарттарына қарай белгіленеді.

Даму Банкінің кепілдіктер беруі іске асырылатын инвестициялық жобаға, экспорттық операцияға немесе лизинг беруші ұйым тартатын қарыздың шарттарына сәйкес ұлттық және шетел валютасында жүзеге асырылады.

3) Кепілдіктер сомасы

Қаржыландыру мақсатында Даму Банкі кепілдіктер беретін инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға кредит берудің ең аз сомасы Даму Банкінің инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларға кредит беру үшін осы Меморандумда белгіленген ең аз сомаға сәйкес келуі тиіс. Лизинг беруші ұйымдар үшін кепілдіктер сомасы лизинг беруші ұйымдар тартатын қарыздардың шарттарына қарай анықталады.

4) Кепілдіктердің жиынтық көлемі

Лизинг беруші ұйымдарды қоса алғанда Даму банкінің инвестициялық жобалар мен экспорттық операцияларды іске асыру үшін тартатын үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша қолданыстағы кепілдіктерінің (шартты міндеттемелерінің) жиынтық көлемінің ара қатынасы 2:1 арақатынасынан аспауы тиіс.

Даму Банкінің директорлар кеңесі көрсетілген ара қатынас шегінде шартты міндеттемелер бойынша лимит белгілеуге құқығы бар.

5) Шешім қабылдау тәртібі

Қаржыландыру мақсатында Даму Банкі кепілдіктер беретін банктік сараптама нәтижесі бойынша оң қорытынды алған инвестициялық жоба немесе экспорттық операция Даму Банкінің Кредит комитетінің қарауына шығарылады.

Даму Банкінің инвестициялық жобаларды іске асыратын үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша кепілдіктер беруі туралы шешімді Даму Банкі Кредит комитетінің оң шешімі шартымен Директорлар кеңесі қабылдайды.

Даму Банкінің 5 млн. АҚШ долларына барабар сомадан аспайтын мөлшерде экспорттық операцияларды іске асыратын үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша кепілдіктер беруі туралы шешімді Даму Банкінің Кредит комитеті қабылдайды.

Даму Банкінің 5 млн. АҚШ долларына барабар сомадан асатын мөлшерде экспорттық операцияларды іске асыратын үшінші тұлғалардың қарыздары бойынша кепілдіктер беруі туралы шешімді Даму Банкінің Кредит комитетінің оң шешімінің шартымен Директорлар кеңесі қабылдайды.

Даму Банкінің лизинг беруші ұйымдар үшін кепілдіктер беруі туралы шешімді Даму Банкінің Кредит комитетінің оң шешімінің шартымен Директорлар кеңесі қабылдайды.

6) Даму Банкінің шартты міндеттемелерінің (кепілдіктерінің) мониторингі және оларды бақылау

Шартты міндеттемелердің (кепілдіктердің) мониторингін және оны бақылауды Даму Банкі үздіксіз жүзеге асырады және борышкердің (қарыз алушының) кредит беру және міндеттемелерді орындау процесін байқауды, оның кредит қабілеттілігін және төлем қабілеттілігін, қарыздың нысаналы пайдаланылуын, кепілдіктің әрекет етуінің бүкіл кезеңінде инвестициялық жоба мен экспорттық операцияны іске асыруды қамтиды.

Мониторинг және бақылау нәтижелеріне сәйкес Даму Банкі ай сайын Заңның 17-бабына сәйкес ай сайын шартты міндеттемелерді (кепілдіктерді) сыныптауды және және провизияларды (резервтерді) қалыптастыруды жүргізеді.

14. Қамтамасыз ету

Даму Банкі беретін қарыздар және берілетін кепілдіктер кепілмен, кепілдікпен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің басқа тәсілдерімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінің талабы Даму Банкі жарғылық капиталында жүз пайыз қатысу үлесіне ие (барлық акциялары) лизинг беруші ұйымдарға Даму Банкінің қарыздар беру және олардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер беру жағдайларына қолданылмайды.

Даму Банкі ұсынатын (беретін) қарыздар мен кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету тәсілін, құрылымы мен мөлшерін Даму Банкінің Директорлар кеңесі анықтайды.

2) Лизингтік мәміле бойынша тәуекелдерді жабуды қамтамасыз ету Лизингтік мәміле тәуекелдері аванстық төлем түрінде лизинг мәні құнының бір бөлігін өтеу жолымен жабылуы және/немесе кепілмен, кепілдікпен және заңнамада көзделген басқа міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілдерімен, сондай-ақ Даму Банкінің Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен Даму Банкінің ішкі актілеріне сәйкес лизинг мәнін сақтандыру жолымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Даму Банкі жүргізетін лизингтік мәміле бойынша тәуекелдерді жабу тәсілін, құрылымы мен мөлшерін Даму Банкінің Директорлар кеңесі анықтайды.

15. Лимиттер

Лизинг беруші ұйымды және лизинг алушыны (акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама мемлекетке тиелісі заңды тұлғаларды, оның ішінде акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг) акционерлік қоғамының және/немесе «Қазына» орнықты даму қоры» акционерлік қоғамының меншігіндегі заңды тұлғаларды қоспағанда аффилирленген қарыз алушылар мен лизинг алушылар тобы) қоса алғанда бір қарыз алушыға тәуекел бойынша лимит Даму Банкінің жеке капиталы сомасының 25%-ынан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Даму Банкінің Директорлар кеңесі кредиттік саясаттың басымдықтарына сәйкес салалық және өңірлік белгісі бойынша Даму Банкінің кредиттік және лизингтік портфелінің құрылымы бойынша лимит белгілеуге құқығы бар.

3. Кешенді банктік сараптама

16. Даму Банкінің банктік сараптамасыз қарыздар беруге, кепілдіктер беруге, лизингтік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ. Банктік сараптама Даму Банкінің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Банктік сараптама жүргізу туралы талап Даму Банкі жарғылық капиталында (барлық акциялары) жүз пайыз қатысу үлесіне ие лизинг беруші ұйымдарға Даму Банкінің кредит беру, сондай-ақ олардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер беру жағдайларына қолданылмайды.

17. Даму Банкі шартты негізде мыналардың:

қайтарымды негізде қаржыландыруға ұсынылатын республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың;

мемлекет кепілдік берген қарыздардың есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың;

мемлекеттің кепілдемесімен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың;

қаржыландыруға Даму Банкі ұсынатын немесе оның кепілдігімен ұсынылатын инвестициялық жобалар мен экспорттық операциялардың;

осы Меморандумның 16-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, лизинг беруші ұйымдарға кредит беру жағдайларында банктік сараптамасын жүзеге асырады.

Банктік сараптама жүргізу мақсатында Даму Банкі сарапшылар мен консультанттарды тарта алады.

Даму Банкі қаржы лизингі шарттарында іске асыратын жобаларды кешенді сараптауды шарт негізінде Даму Банкі жарғылық капиталында (барлық акциялары) жүз пайыз қатысу үлесіне ие лизинг беруші ұйымдар жүргізе алады.

18. Банктік сараптама жүргізу кезінде құжаттарға қойылатын талаптар

Даму Банкінің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген құжаттар болған кезде Даму Банкі банктік сараптама жүргізеді.

19. Банктік сараптама жүргізгені үшін тарифтер

Банктік сараптама жүргізгені үшін тарифтер Даму Банкінің Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитетінің шешімімен белгіленеді және Директорлар кеңесі бекітеді.

4. Даму Банкінің агент функцияларын орындауы

20. Даму Банкі жасайтын агенттік қызметтер көрсетуге арналған шарттарға сәйкес Заңның 10-бабына сәйкес агенттің функцияларын орындайды.

21. Қызмет көрсету талаптары мен шарттары

Агенттік қызмет көрсетуге арналған шарттарда агент орындайтын функциялардың тізбесі, қызмет көрсету шарттары (агент функцияларын жүзеге асырғаны үшін қызметтерге ақы төлеуді қоса алғанда) және Даму Банкінің:

қайтарымды негізде қаржыландырылатын республикалық және жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларға (бағдарламаларға);

мемлекет кепілдік берген қарыздардың есебінен қаржыландырылатын жобаларға қызмет көрсету жөніндегі агент функцияларын тиісінше орындағаны үшін жауапкершілік көзделеді.

Сондай-ақ мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді және тапсырма шарттарының негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңды тұлғалардың басқа борыштық міндеттемелерін орындауына байланысты республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты қайтару бойынша агент функцияларын орындауы көзделуі мүмкін.

Даму Банкінің жобалар мен қарыздарға қызмет көрсетуі жөніндегі агент функцияларын, сондай-ақ республикалық бюджет қаражатын қайтару жөніндегі агент функцияларын орындауы Даму Банкінің қаражаты есебінен қарыз алушылардың республикалық бюджет пен кредит берушілер алдында міндеттемелерін орындауын көздемейді.

5. Қарыз алу

25-тармаққа жалғыз акционердің 2008 жылғы 14 наурыздағы шешіміне (№ 15 хаттама) сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді

22. Көздер мен нысандар

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Даму Банкі несие капиталының сыртқы және ішкі нарықтарында, оның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерден қарыз алуды жүзеге асырады.

Қарыз алу мынадай нысандарда жүзеге асырылады:
борыштық бағалы қағаздарды шығару және орналастыру;
қарыз туралы шарттарды (келісімдерді) жасасу.

Даму Банкінің синдицияланған қарыздарды, Қазақстан Республикасы резиденттері мен бейрезиденттерінің банкаралық кредиттерін, тартуы қарыз алу туралы шарт (келісім) жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Даму Банкінің қарыз алуы ұлттық валютада да, шетел валютасында да жүзеге асырылуы мүмкін.

23. Қарызға алынатын қаражатты пайдалану

Даму Банкі өзінің кредиттік және лизингтік қызметін қорландыру, өтімділікті басқару мақсатында қарыз алуды жүзеге асырады.

24. Қарыз алу кезіндегі сыйақы ставкасы

Қарыз алудың шекті (ең үлкен) ставкасын Даму Банкінің Активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитеті белгілейді.

25. Лимиттер мен шектеулер

Даму Банкі инвестициялық жобаларға, экспорттық операцияларға, лизинг беруші ұйымдар үшін кредит беру және лизингтік қызметті (міндеттемені) жүзеге асыруы үшін тартқан қарыздар бойынша негізгі борыш 6:1 арақатынасынан аспауы тиіс.

Даму Банкінің Директорлар кеңесі көрсетілген арақатынас шегінде міндеттемелер бойынша лимит белгілеуге құқықты.

Шектеулер агенттік негізде қызмет көрсетілетін қаражатқа қолданылмайды.

Даму Банкінің қарыз алу көздері, мерзімі, ставкалары бойынша қарыздар портфелінің құрылымы Даму Банкінің активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитетінің шешімдерімен анықталады.

6. Инвестициялық портфельді басқару

26. Құралдар мен лимиттер

Даму Банкі ішкі және сыртқы нарықтарда қарыз және жарғылық капитал қаражаттарын (инвестициялық портфель) қоса алғанда қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның талаптарына жауап беретін қаржы құралдарына орналастырады.

Инвестициялық портфельдің жалпы көлемінен қаржы құралдарына инвестициялау мөлшерін Даму Банкінің Директорлар кеңесі анықтайды.

27 Даму Банкі жарғылық капитал қаражатының бір бөлігін (төленген жарғылық капитал сомасының 50%-ынан аспайтын мөлшерде) Даму Банкінің Директорлар кеңесі белгілеген тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сенімді басқаруға беруге құқықты.

7. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу

28 Даму Банкінің жарғылық капиталда қатысуы

Даму Банкі Заңның 14-бабына сәйкес заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарында қатысады.

29. Қатысу көлемдері

Даму Банкінің қор биржасының, орталық депозитарийдің, лизинг беруші ұйымдардың жарғылық капиталында қатысу көлемін егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Даму Банкінің құрылтай құжаттарымен өзгеше белгіленбесе Даму Банкінің Директорлар кеңесі анықтайды.

Даму Банкі үшінші тұлғалармен бірлесіп лизинг беруші ұйымды құрған және/немесе қатысқан жағдайда қатысу үлесі тараптардың келісімімен анықталады.